

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА
УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail:
abb.kulan1@yandex.kz

24.09.2026 г. № 25-02-1816

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім
басқармасы Т.Рысқұлов ауданының
білім бөліміне қарасты білім
беру ұйымының басшыларына**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің 2026 жылғы 22 қыркүйектегі №15-96 хатына сәйкес хабарлайды.

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі 2026 жылы 9 қазан күні Т.Рысқұлов аудандық Достық үйінде шығармашылық байқаулар өткізеді.

Байқаулардың мақсаты – Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын насихаттау, жасұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерін шығармашылық бағытта тиімді пайдалануға ынталандыру.

Осыған орай, Сізден мектеп оқушыларының төмендегі байқауларға белсенді қатысуын ұйымдастыруды тапсырады.

Қосымша: 9 парақ


**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы:**



А.Беделбаев

орындаған: Г.Абдиева
телефон: :87474736727

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
Құлан ауылы, Жібек жолы 94, тел 2-27-51, madeniet_t.d@mail.ru



«Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ағымдағы жылдың «9» қазан күні Т.Рысқұлов аудандық Достық үйінде шығармашылық байқаулар өткізеді.


Байқаулардың мақсаты – Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын насихаттау, жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерін шығармашылық бағытта тиімді пайдалануға ынталандыру.

Осыған орай, Сізден мектеп оқушыларының төмендегі байқауларға белсенді қатысуын ұйымдастыруды сұраймыз.

Бөлім басшысы



Н.Базарқұлов



КЕЛІСЕМІН

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
Мәдениет және Тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы
Н.Базарқұлов



БЕКІТЕМІН

Т.Рысқұлов ауданы Мәлс
Өзбеков атындағы мәдениет
үйінің директоры



Қ.Қожамқұлов

«Ұлы халықтың-ұлы Абайы» атты аудандық этнос өкілдерінің өнер байқауының ережесі.

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Мәдениет және Тілдерді дамыту» бөлімінің және «Мәлс Өзбеков» атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен этнос өкілдерінің арасындағы Абай шығармашылығын насихаттау мақсатында «Ұлы халықтың-ұлы Абайы» атты өнер байқауы 2026 жылдың «13» қараша күні сағат 11-00 де аудандық Мәдениет үйінің көрермендер залында өтеді.

1. Байқаудың мақсаты

Қазақтың бас ақыны, ойшыл, сазгер, әлемнің данасы Абай Құнанбайевтың мол мұрасына деген өзге ұлт өкілдерінің сүйіспеншілігін көрсету. Ұлы ақынның қара сөзері мен жыр шумақ, мысалдары адамгершілік, адалдық, жасауапкершілікті жас ұрпақ бойына сіңіре отырып, білімді жастарды тәрбиелеу.

2. Байқаудың талаптары мен шарттары.

Байқауға ауданымыздағы, ауылдағы барлық өзге ұлт өкілдері отбасымен «Абай әлеміндегі» қара сөздерін, әндерін, өлеңдерін арқау ете отырып, тәрбиелік мәні бар сахналық көрініс көрсетуі тиіс.

Қатысушыларға сахнада өздерін толық ашып көрсету үшін 10-15 минут беріледі.

Байқауға қатысушылардың саны мен жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ.

Байқаудың қорытындысы төмендегі талаптар бойынша анықталады.

1. Шығарманың тақырыптық ерекшелігі.

2. Өнерпаздардың орындаушылық шеберлігі.

3. Сахна мәдениетін меңгеру деңгейі, сахналық бейімге үйлесімділігі.
4. Репертуар таңдау талғамы.
5. Музыка мен көркемдеу.
6. Уақыттан аспау.

3. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Әділқазылар шешімі өзгермейді және қайта қарауға жатпайды.

Бас жүлде

- 1-орын
- 2-орын
- 3-орын

Номинация бойынша:

- Әнді сүйсең, менше сүй.
- Өлең сөздің патшасы
- Қара сөз-тағылымды мұра
- Абай жолы-халық жолы
- Әлемнің Абайы

Аудандық байқаудың жеңімпаздары Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің арнайы сыйлықтарымен, диплом, алғыс хаттармен марапатталады.

Байқауға қатысу үшін өтініштер 2026 жылы қараша айының «03» күніне дейін аудандық «Мәдениет және тілдерді дамыту» бөлімінде немесе WhatsApp номеріне қабылданады.

Мекен жайымыз: Құлан ауылы Жібек жолы №71.

Ұялы телефон: 8707-471-71-75 (Сұрақтар бойынша және WhatsApp)

Орындаған: Н.Жетіген



БЕКІТЕМІН»

Қызылқұлов аудандық
М.Өзбеков атындағы
мәдениет үйінің директоры
Қ. Қожамқұлов
«09» 2026 жыл

«ҰЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ – ҰЛЫ АБАЙЫ»

этнос өкілдерінің балалары арасындағы сурет салу байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Бұл ереже ұлы ақын Абай Құнанбайұлының мұрасын дәріптеу мақсатында өткізілетін «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» тақырыбындағы этнос өкілдерінің балалары арасындағы сурет байқауының мақсаттарын, өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Байқаудың ұйымдастырушылары:

- М. Өзбеков атындағы Мәдениет үйіне қарасты «Достық» үйі
- «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі

Байқау 2026 жылдың 9 қазан күні «Достық» үйінде өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын, асыл мұрасын этнос өкілдерінің жас ұрпағы арасында дәріптеу;
- Қазақстан халқының бірлігін, этностар арасындағы достықты және туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру;
- Жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамыту және қолдау;
- Этнос өкілдері арасында қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

3. Қатысушылар және жас санаттары

Байқауға этнос өкілдерінің балалары келесі үш жас санаты бойынша бөлек қатысып, бағаланады:

- 5–8 жас аралығы;
- 9–12 жас аралығы;
- 13–15 жас аралығы.

4. Байқау шарттары

- Қатысушылар суретті Достық үйіне келіп, байқау барысында салады.

- Сурет салуға қажетті құрал-жабдықтарды (бояу, қылқалам, қарындаш т.б. Ал қағаз ұйымдастырушылар тарапынан беріледі) қатысушылар өздерімен бірге алып келуі тиіс.
- Сурет салуға 1 сағ уақыт беріледі.
- Әр қатысушы салған суретін қазақ тілінде қорғауы тиіс (туынды мазмұнын қысқаша түсіндіру).
- Сурет мазмұны Абай шығармашылығына, оның өлеңдері мен қара сөздерінің желісіне бағытталуы қажет.
- Қатысу туралы өтінішті қазан айының 1-шы жұлдызына дейін WhatsApp номерге жолдау қажет.

5. Бағалау критерийлері

- Суреттің тақырыпқа сәйкестігі мен идеяның ашылуы;
- Мәтінді қазақ тілінде қорғау сапасы мен тіл байлығы;
- Түстер үйлесімі және көркемдік шеберлігі;
- Уақыт тәртібін сақтау.

6. Марапаттау

Әр жас санаты (5–8 жас, 9–12 жас, 13–15 жас) бойынша жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Байланыс деректері:

- **Мекенжайымыз:** Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, №71 (Достық үйі)
- **Байланыс телефоны:** 8 (707) 471-71-75 (Сұрақтар бойынша және WhatsApp)



БЕКІТЕМІН»

Т. Рыскулов аудандық

Мәзә Өзбеков атындағы

мәдениет үйінің директоры

Қ. Қожамқұлов

«09» 2026 жыл

«ЖИ КӨЗІМЕН – ОРТАҚ ОТАН» онлайн бейнероликтер байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже 25 қазан – Республика күніне орай және 2026 жылға жарияланған **Цифрландыру және жасанды интеллект жылы** аясында өткізілетін «ЖИ көзімен – Ортақ Отан» онлайн бейнероликтер байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау жастардың шығармашылық қабілетін дамыту, жасанды интеллект технологияларын шығармашылық бағытта қолдануды насихаттау, Қазақстандағы бірлік, достық және этносаралық ынтымақ құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылады.

1.3. Байқау онлайн форматта өткізіледі.

1.4. Байқауды ұйымдастырушы:

М.Өзбеков атындағы Мәдениет үйіне қарасты Достық үйі
«Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

Жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау, жасанды интеллект мүмкіндіктерін шығармашылық мақсатта пайдалануға ынталандыру және Қазақстанды баршаға ортақ Отан ретінде дәріптеу.

2.2. Міндеттері:

- 25 қазан – Республика күнінің маңызын жастар арасында насихаттау;
- Қазақстанның бірлігі мен тұтастығын дәріптеу;
- этностар арасындағы достық пен ынтымақты насихаттау;
- Қазақстанның ортақ құндылықтарын көрсету;
- жастардың жасанды интеллект және цифрлық технологияларға қызығушылығын арттыру;
- шығармашылық идеяларды қолдау;
- Қазақстанның бүгіні мен болашағын заманауи көзқараспен бейнелеуге мүмкіндік беру.

3. Байқауға қатысушылар

- 3.1. Байқауға **16–35 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының өзге этнос өкілдері** қатыса алады.
- 3.2. Байқауға жеке немесе шығармашылық топ құрамында қатысуға болады.
- 3.3. Бір қатысушы немесе шығармашылық топ Байқауға **бір бейнеролик** ұсына алады.
- 3.4. Шығармашылық топ құрамында бір немесе бірнеше этнос өкілдерінің бірлесіп қатысуына рұқсат етіледі.
- 3.5. Қатысушының жасы Байқауға өтінім берген кезде **15 жастан кем емес және 35 жастан аспауы тиіс.**

4. Байқаудың тақырыбы мен мазмұны

- 4.1. Байқаудың тақырыбы: **«ЖИ көзімен – Ортақ Отан»**
- 4.2. Бейнероликтің негізгі идеясы – Қазақстанды барлық азаматтарға ортақ Отан ретінде көрсету, ел бірлігін, этносаралық достық пен ынтымақты дәріптеу.
- 4.3. Бейнероликте төмендегі тақырыптардың біреуі немесе бірнешеуі қамтылуы мүмкін:
- Қазақстан – ортақ Отан;
 - Республика күні;
 - ел бірлігі мен тұтастығы;
 - этностар арасындағы достық пен ынтымақ;
 - Қазақстан халқының мәдени әралуандығы;
 - бейбітшілік пен қоғамдық келісім;
 - ортақ құндылықтар;
 - Қазақстанның бүгіні мен болашағы;
 - жасанды интеллект және жаңа технологиялар;
 - болашақ Қазақстанның бейнесі.
- 4.4. Қатысушылар Қазақстанның болашағын, достық пен бірлікті **жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы** өз шығармашылық көзқарасымен көрсете алады.

5. Бейнероликке қойылатын талаптар

- 5.1. Бейнероликтің ұзақтығы **5–8 минут** болуы тиіс.
- 5.2. Бейнероликті дайындау барысында **жасанды интеллект технологиялары міндетті түрде қолданылуы тиіс.**
- 5.3. Жасанды интеллектті:
- бейне және сурет генерациялау;
 - анимация жасау;
 - виртуалды кейіпкерлер құру;
 - сценарий немесе мәтін әзірлеу;
 - дыбыстау және дауыс генерациялау;
 - музыкалық сүйемелдеу;
 - визуалды эффектілер жасау;
 - монтаж және басқа да шығармашылық бағыттарда қолдануға болады.
- 5.4. Бейнеролик автордың өзіндік шығармашылық идеясына негізделуі тиіс.

- 5.5. Интернеттен дайын бейнероликті толықтай көшіруге немесе оның негізгі бөлігін өзгеріссіз пайдалануға жол берілмейді.
- 5.6. Бейнероликте авторлық құқықтарды бұзатын материалдарды пайдалануға жол берілмейді.
- 5.7. Бейнероликтің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы және ұлттық, діни, этностық ерекшеліктерге құрметпен қарау қағидаттарына сай болуы тиіс.
- 5.8. Бейнеролик қазақ немесе орыс тілінде дайындалады. Басқа тілдер қолданылған жағдайда қазақ немесе орыс тіліндегі субтитр болуы тиіс.
- 5.9. Бейнероликте пайдаланылған жасанды интеллект құралдарын көрсету ұсынылады.

6. Байқауға жұмыстарды қабылдау тәртібі

- 6.1. Қатысушылар дайын бейнероликтерін ұйымдастырушылар белгілеген мерзім ішінде **Telegram** арқылы жібереді.
- 6.2. Бейнероликпен бірге мынадай ақпарат ұсынылады:
- қатысушының аты-жөні;
 - жасы;
 - тұрғылықты елді мекені;
 - байланыс телефоны;
 - шығармашылық топтың атауы (бар болса);
 - бейнероликтің атауы;
 - бейнероликтің қысқаша сипаттамасы;
 - қолданылған жасанды интеллект құралдары туралы ақпарат.
- 6.3. Ұйымдастырушылар келіп түскен жұмыстарды Байқау талаптарына сәйкестігі бойынша тексереді.
- 6.4. Талаптарға сәйкес келетін бейнероликтер ұйымдастырушылардың **ресми Instagram парақшасында (@kulan_dostyk_yui)** жарияланады.
- 6.5. Бейнероликтерді Instagram парақшасына орналастыруды ұйымдастырушылар жүзеге асырады.

7. Байқау жұмыстарын бағалау

- 7.1. Байқаудың негізгі жүлделі орындары **қазылар алқасының шешімімен** анықталады.
- 7.2. Байқау жұмыстары 100 балдық жүйемен бағаланады:

№ Бағалау критерийлері	Ұпай
1 Тақырыптың ашылуы және мазмұндылығы	20
2 Жасанды интеллект технологияларын шығармашылық қолдануы	20
3 Бірлік, достық және ынтымақ идеясын жеткізуі	20
4 Шығармашылық идеясы және ерекшелігі	15
5 Бейнероликтің көркемдік және техникалық сапасы	15
6 Сценарий, музыка, дыбыс және монтаж үйлесімділігі	10
Барлығы	100

- 7.3. Ең жоғары ұпай жинаған қатысушылар **I, II және III** орындармен анықталады.

7.4. Instagram-дағы лайк саны негізгі жүлделі орындарды анықтауға әсер етпейді.

8. «Көрермен көзайымы» номинациясы

8.1. «Көрермен көзайымы» номинациясы Instagram әлеуметтік желісіндегі көрермендердің дауыс беруі арқылы анықталады.

8.2. Дауыс беру ұйымдастырушылардың ресми Instagram парақшасында жарияланған бейнероликтерге қойылған **лайктар саны** бойынша жүргізіледі.

8.3. Дауыс беру мерзімін ұйымдастырушылар алдын ала хабарлайды.

8.4. Дауыс беру мерзімі аяқталған кезде ең көп лайк жинаған бейнеролик **«Көрермен көзайымы»** номинациясының жеңімпазы болып танылады.

8.5. Дауыс беру мерзімі аяқталғаннан кейін жиналған лайктар есепке алынбайды.

8.6. Боттар, жалған аккаунттар немесе лайктарды жасанды түрде көбейту фактілері анықталған жағдайда ұйымдастырушылардың шешімімен қатысушы «Көрермен көзайымы» номинациясынан шеттетілуі мүмкін.

8.7. «Көрермен көзайымы» номинациясының нәтижесі негізгі жүлделі орындарға әсер етпейді.

9. Жеңімпаздарды марапаттау

9.1. Байқау жеңімпаздары:

- **I орын;**
- **II орын;**
- **III орын**

бойынша анықталады.

9.2. Жеңімпаздар тиісті дәрежедегі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

9.3. Қосымша номинациялар белгіленуі мүмкін:

- **«Үздік ЖИ-жоба»;**
- **«Үздік шығармашылық идея»;**
- **«Бірлік идеясын үздік жеткізген бейнеролик»;**
- **«Көрермен көзайымы».**

9.4. Байқау қорытындысы ұйымдастырушылардың ресми әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Байқауға бейнеролик ұсыну арқылы қатысушы осы Ереженің талаптарымен келісетінін растайды.

10.2. Қатысушы ұсынған бейнероликтің мазмұнына және онда пайдаланылған материалдардың авторлық құқық талаптарына сәйкестігіне жауап береді.

10.3. Ұйымдастырушылар Байқауға ұсынылған бейнероликтерді ақпараттық, мәдени-ағартушылық және әлеуметтік мақсатта ресми әлеуметтік желілерде жариялауға құқылы.

10.4. Осы Ережеде қарастырылмаған мәселелерді ұйымдастыру комитеті шешеді.

Байқауды өткізу мерзімі: 23.10.2026ж

Жұмыстарды қабылдау мерзімі: 13.10.2026ж

Instagram-дағы дауыс беру мерзімі: 13.10.2026ж сағ 10:00-23.10.2026 жыл
сағ 10:00.

Нәтижелерді жариялау күні: 23.10.2026 жыл

Telegram: 8 707 471-71-75

Instagram:

https://www.instagram.com/kulan_dostyk_yui?stkn=cmY0ZzFocXBkejVk